

## Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне ведомстволық бағынысты ұйымдардың жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 қараша N 1538

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазселденқорғау" құрылыс-монтаждау басқармасы (ҚМБ)" мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті "Қазселденқорғау" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (ТЖК "Қазселденқорғау" РМҚК ӨТЖБ) өндірістік-технологиялық жинақтау басқармасы (ӨТЖБ)" еншілес мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, "Қазақстан Республикасының ТЖМК "Қазселденқорғау" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының механикаландыру және көлік басқармасы (МжКБ)" және "Қазақстан Республикасының ТЖМК "Қазселденқорғау" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Қапшағай қосалқы ауыл шаруашылығы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің "Селденқорғау құрылыс" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (бұдан әрі - Кәсіпорын) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні селден, су тасқындарынан, қар көшкіндерінен, жер сілкінісінен және басқа да табиғи апаттардан туындаған төтенше жағдайларда арнайы жұмыстарды орындау болып белгіленсін.

3. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін;

2) оның әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі